

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 2 шілдедегі N 13 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі арқылы жіберілетін хат-хабарларды ресімдеу тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 24 қаңтардағы N 7 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 25 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1772

Қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 2 шілдедегі N 13 (V011596_ ҚБПҮ) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі арқылы жіберілетін хат-хабарларды ресімдеу тәртібі туралы Нұсқаулыққа:

4-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жедел табыс етуге жататын пакеттерді жіберу кезінде оларға "шұғыл" немесе "тез арада табысталсын" деген белгі қойылады. Аталған белгілері бар пакеттерге "Пакеттер үшін" деген мөр басылады, ал "тез арада табысталсын" деген белгісі бар пакет қосымша - ұйым басшысының қолымен куәландырылады.";

11-тармақтың бірінші абзацы "каучук мөрдің бедерлемесі бар қағаз жапсырма" деген сөздердің алдында "Пакеттер үшін" деген" сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтың бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"Аса маңызды" деген белгісі, сондай-ақ "М" литері" деген белгісі бар үлкен, орташа және шағын пакеттерде, ішіндегілерді тесумен және теспей, мөр бедері бар бес қағаз жапсырма желімделеді (бұрыштарында, клапандар желімделінген орындарда және ортасында).

Қос қабатты пакетке салу кезінде сыртқы пакет ішіндегісімен тігілмейді. Оған осы тармақ талаптарына сәйкес қағаз жапсырмалар жабыстырылады."

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Екі атауы бар (шартты және ашық) ұйымдардың мекен-жайына

жіберілетін хат-хабарлар шартты және ашық атауы бойынша жіберіледі."

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Хат-хабарларды жібергенде ұйымдардың ашық және шартты атауы

қолданылуы мүмкін:

1) пакеттерді ашық атауымен жіберу осы Нұсқаулықтың 2-ші, 3-ші бөлімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;

2) шартты атауымен жіберілгенде пакеттерде жіберілген елді мекені (қала, облыс, республика), ұйымның шартты атауы және қажет болған жағдайда алушының аты-жөні көрсетіледі."

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

Агенттік төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.